

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПӘНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ӨОЖ 796:001.92; 796.011.1/3; МҒТАР 77.01.39; 77.03.07

<https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.248>Б.Ө. ЕРМАХАНОВ¹, Ж.М. ЕСИРКЕПОВ², Б.С. ОМАРОВ³¹PhD, қауымдастырылған профессор*Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: baglan.yermakhanov@ayu.edu.kz*²педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zhandos-1978@mail.ru*³PhD, қауымдастырылған профессор*Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: bakhitzhan.omarov@iuth.edu.kz*МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТАЛУЫНДА САЛАУАТТЫ
ӨМІР САЛТЫ МЕН ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аңдатпа. Бұл зерттеуде мектеп бітіруші түлектердің «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауға әсер ететін жеке, әлеуметтік, кәсіби және психологиялық факторлар кешенді түрде қарастырылып, олардың өзара байланысы мен маңыздылығы айқындалды. Алдыңғы зерттеулерде бұл мәселе көбінесе жеке немесе тар шеңбердегі аспектілер тұрғысынан зерделенсе, аталған жұмыс барлық негізгі факторларды жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу барысында салауатты өмір салтының жастардың кәсіби бағдарлануына әсер ететін маңызды құндылықтық факторлардың бірі екендігі көрсетілді. Салауатты өмір салтына ұмтылу және дене белсенділігіне қызығушылық – болашақ мамандықты таңдау кезінде шешуші рөл атқаратыны дәлелденді. Мақалада мектеп деңгейінде «Дене мәдениеті және спорт» мамандығына қызығушылықты арттыру мақсатында арнайы бағдарламалар мен кешенді іс-шаралар ұйымдастыру қажеттілігі атап өтілді. Бұл ұсыныстар түлектер арасында дене мәдениеті мен салауатты өмір салтын насихаттау арқылы кәсіби мотивацияны арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу Қазақстандағы «Дене мәдениеті және спорт» саласының қазіргі жағдайын, осы мамандықты таңдауда туындайтын негізгі қиындықтар мен өзекті мәселелерді нақты талдауға негізделген. Жалпы алғанда, бұл зерттеу жұмысы еліміздегі кәсіби бағдар беру жүйесін жетілдіру мен жастардың салауатты өмір салтына деген қызығушылығын арттыруға бағытталған стратегиялық қадамдарды анықтауға ғылыми негіз бола алады.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ермаханов Б.Ө., Есиркепов Ж.М., Омаров Б.С. Мектеп бітіруші түлектердің кәсіби бағытталуында салауатты өмір салты мен дене мәдениетінің алатын орны // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №3 (137). – Б. 246–262. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.248>

***Cite us correctly:**

Ermahanov B.O., Esirkepov Zh.M., Omarov B.S. Mektep bitirushi tulekterdin kasibi bagyttaluynda salauatty omir salty men dene madenietinin alatyn orny [The Role of a Healthy Lifestyle and Physical Culture in the Career Orientation of High School Graduates] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №3 (137). – B. 246–262. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.248>

Мақаланың редакцияға түскен күні 25.06.2025 / қабылданған күні 30.09.2025

Кілт сөздер: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты, мектеп, кәсіби бағдар беру, сапалы білім беру.

B. Yermakhanov¹, Zh. Yessirkepov², B. Omarov³

¹PhD, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: baglan.yermakhanov@ayu.edu.kz

²Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor
International University of Tourism and Hospitality
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: Zhandos-1978@mail.ru

³PhD, Associate Professor, International University of Tourism and hospitality,
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: bakhitzhan.omarov@iuth.edu.kz

The Role of a Healthy Lifestyle and Physical Culture in the Career Orientation of High School Graduates

Abstract. This study provides a comprehensive analysis of the personal, social, professional, and psychological factors influencing high school graduates' choice of the "Physical Culture and Sports" specialty, highlighting their interrelation and significance. Unlike previous studies that focused mainly on individual aspects, this research offers an integrated approach to examining all key influencing factors. Special attention is given to the role of a healthy lifestyle as a core value affecting the career orientation of young people. It is demonstrated that the pursuit of a healthy lifestyle and interest in physical activity play a decisive role in students' career choices. The article emphasizes the need to develop targeted programs and organize activities at the school level to increase interest in the "Physical Culture and Sports" specialty. These proposals aim to introduce new methods for enhancing professional motivation by promoting physical culture and healthy living. Furthermore, the study provides a detailed analysis of the current state of the physical culture and sports sector in Kazakhstan, as well as the main challenges and issues faced by students when choosing this field. Overall, this research can serve as a foundation for improving professional guidance systems and developing strategies to strengthen youth engagement in healthy lifestyles and sports-related careers.

Keywords: physical education, healthy lifestyle, school, career guidance, quality education.

Б.О. Ермаханов¹, Ж.М. Есиркепов², Б.С. Омаров³

¹PhD, Ассоциированный профессор
Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: baglan.yermakhanov@ayu.edu.kz

²кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор
Международный университет туризма и гостеприимства
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: Zhandos-1978@mail.ru

³PhD, ассоциированный профессор, Международный университет туризма и гостеприимства
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: bakhitzhan.omarov@iuth.edu.kz

Роль здорового образа жизни и физической культуры в профессиональной ориентации выпускников школ

Аннотация. В данном исследовании всесторонне рассмотрены личностные, социальные, профессиональные и психологические факторы, влияющие на выбор выпускниками школ специальности «Физическая культура и спорт», а также выявлена их взаимосвязь и значимость. В отличие от предыдущих исследований, в которых данная проблема изучалась преимущественно с точки зрения отдельных аспектов, представленная

работа позволяет провести комплексный анализ всех ключевых факторов. Особое внимание уделено роли здорового образа жизни как важнейшей ценностной установки, влияющей на профессиональную ориентацию молодежи. Показано, что стремление к ведению здорового образа жизни и интерес к физической активности играют решающую роль при выборе будущей профессии. В статье подчеркивается необходимость разработки специальных программ и проведения мероприятий на уровне школы для повышения интереса учащихся к специальности «Физическая культура и спорт». Эти предложения направлены на внедрение новых подходов к формированию профессиональной мотивации через популяризацию физической культуры и ЗОЖ. Также в исследовании подробно анализируется текущее состояние сферы физической культуры и спорта в Казахстане, а также основные трудности и проблемы, с которыми сталкиваются абитуриенты при выборе данной специальности. В целом, результаты работы могут стать основой для совершенствования системы профессиональной ориентации и разработки стратегий по повышению интереса молодежи к здоровому образу жизни.

Ключевые слова: физическая культура, здоровый образ жизни, школа, профориентация, качественное образование.

Кіріспе

Қазіргі таңда қоғамның дамуында адамның өмір сапасын арттыру мен халық денсаулығын сақтау стратегиялық маңызға ие болып отыр. Бұл тұрғыда салауатты өмір салтының қалыптасуына бағытталған білім беру жүйесінің рөлі ерекше. Әсіресе, дене мәдениеті мен спорт саласындағы жоғары білім беру бағдарламаларының маңыздылығы артып келеді. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында «Дене мәдениеті және спорт» мамандығына деген жастардың қызығушылығының жылдан-жылға өсуі - осы үрдістің нақты көрінісі. Бұл мамандықты таңдаудың өзі жеке тұлғаның денсаулығын нығайтуға ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамның салауатты өмір салтын қалыптастыруына ықпал ететін маңызды әлеуметтік факторға айналуға.

Жастардың аталмыш салаға бет бұруына әсер ететін факторларды зерттеу - дене мәдениеті мен спортқа деген қоғамдық көзқарасты өзгертуге, болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіруге және халықтың денсаулығын сақтау саясатына қосымша серпін беруге мүмкіндік туғызады.

Бүгінгі таңда жаһандық деңгейде денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруда дене белсенділігі мен салауатты өмір салтына негізделген профилактикалық шаралардың орны ерекше. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Үкіметі «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заң (03.07.2014), «ҚР дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (28.03.2023), сондай-ақ Президенттік тестілеу қағидалары (15.04.2015) секілді нормативтік құжаттар арқылы дене мәдениеті мен спортты дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Алайда, жастардың спортқа кәсіби тұрғыда қызығушылық таныту деңгейі әлі де төмен, бұл өз кезегінде дене мәдениеті мен салауатты өмір салтының қоғамда кең қанат жаюына кедергі келтіреді.

Салауатты өмір салтын насихаттау мен оны жүзеге асыруда маңызды рөлді «Дене мәдениеті және спорт» саласының мамандары атқарады. Осы мамандықты таңдауға әсер ететін факторларды талдау білім беру стратегияларын қайта қарастырып, жастардың қызығушылығын тиімді арналар арқылы арттыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде дене мәдениеті мен спорт саласындағы кадрлық әлеуетті арттыру қажеттілігі мен жастардың бұл мамандыққа бет бұруындағы мотивациялық және әлеуметтік факторлар жан-жақты талданған. Мысалы, Ә.М. Тасымова дене мәдениеті және спорт саласына білікті кадрларды тарту мәселесін жүйелі шешу - тек кәсіби дайындықты емес,

сонымен қатар, қоғамның денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға да негіз болатынын атап өтеді [1, 52-б.]. Н. Әбдіғали спорт саласындағы мамандардың міндеті тек жаттығу өткізу емес, сонымен бірге жасөспірімдер арасында дене мәдениеті мен салауатты өмір салтының маңыздылығын түсіндірумен байланысты екенін нақтылайды [2, 69-б.].

Жастардың дене мәдениеті мен спорт саласына кәсіби қызығушылығын арттырудың негізгі факторларына жеке мотивация, әлеуметтік қолдау, отбасы және мектеп ықпалы, сондай-ақ болашақ жұмыс орнының әлеуеті жатады. Бұл факторлар бойынша Г.Ә. Аққозева [3, 80-б.] мен М.Т. Мамырова өз еңбектерінде нақты ғылыми негіздемелер ұсынады [4, 94-б.]. Сонымен қатар, отбасылық және мектептік тәрбие арқылы спортқа қызығушылықты жүйелі түрде қалыптастыру қажеттілігі Г.Т. Шалқарова мен Ш.Қ. Еркінбекова тарапынан жан-жақты сипатталады [5, 163-б.].

А.С. Дәулетова өз зерттеуінде дене мәдениеті және спорт мамандығын таңдауға әсер ететін мотивациялық және әлеуметтік-экономикалық аспектілерге тоқталып, мектеп деңгейінде осы бағыттағы іс-шаралардың тиімділігін арттыру қажеттігін негіздейді [6, 161-б.]. Сонымен қатар, отандық зерттеушілер - И.А. Захарова [7], Н.К. Рахматуллина [8], А.К. Құдайбергенова [9] және М.Қ. Сарсенбаева [10] – салауатты өмір салтын насихаттау және спорттық бағдар беру бағдарламалары арқылы болашақ мамандардың кәсіби бағдарын жетілдіру жолдарын ғылыми негізде қарастырады.

Бұл зерттеулер дене мәдениеті және спорт саласының болашақ кадрларын даярлау үшін әлеуметтік, педагогикалық және мотивациялық факторлардың өзара байланысын көрсетіп отыр. Осы орайда мектеп бітіруші түлектердің мамандық таңдау үдерісін терең талдау арқылы жастардың спорт саласына бағытталуын қамтамасыз ету – салауатты өмір салтының кең таралуына және халық денсаулығының нығаюына жол ашады.

С. Абдуллаева бұл мәселені білім беру жүйесін жаңғырту, білікті мамандарды даярлау және салауатты өмір салтын насихаттау стратегиясын әзірлеу аясында қарастырып, осы зерттеу бағытының әлеуметтік маңызын ерекше атап өтеді [11, 99-б.]. А. Құрманова болса, дене тәрбиесінің мектеп деңгейінде кеңінен оқытылуына қарамастан, спорттық мамандықтардың таңдауы төмен болуы - жастардың денсаулық жайлы көзқарасы мен салауатты өмірге деген бейімділігінің жеткіліксіздігімен байланысты екенін көрсетеді [12, 45-б.].

Қазіргі ғылыми-зерттеулер жастардың спортқа қатысуы мен денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған шаралардың маңыздылығын көрсетеді. Алайда, мамандық таңдауға әсер ететін әлеуметтік және жеке факторлар туралы ақпарат әлі де жеткіліксіз. Осыған орай, мектеп бітіруші түлектердің «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауына әсер ететін негізгі факторларды анықтау маңызды болып табылады. Спорттың әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, бұл зерттеу жастар арасында дене мәдениеті және спорт мамандығына деген қызығушылықты арттыруға, сондай-ақ болашақ мамандарды даярлау үдерісін жетілдіруге ықпал етеді деп санаймыз.

Осы орайда Ш.Н. Қуатбеков атап өткендей, жастардың спортқа қатысу белсенділігін төмендететін факторлардың бірі - мамандық таңдау кезіндегі ақпараттық және әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі [13, 403-б.]. Сондықтан жастардың спортқа қатысу деңгейін көтеру және бұл саланы кәсіби тұрғыда дамыту - салауатты өмір салтын қалыптастыру мен халық денсаулығын жақсартудың маңызды басымдығы болып табылады.

Салауатты өмір салты бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген Б. Ермаханов пен Б. Баймуханбетов өз еңбектерінде «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) өмір сүру сапасын адамның мақсаттары, үміттері, стандарттары мен мүдделеріне байланысты, сондай-ақ ол өмір сүретін мәдени жүйелер мен құндылықтар контекстіндегі өмірдегі орнын қабылдау ретінде анықтайды», - деп атап өтеді [14, 257-б.]. Ал, М.Д. Petrash пен I.R. Murtazina «Салауатты өмір салты – бұл жүйелі түрде жүзеге асқан денсаулықты

қолдайтын әрекеттер үлгісі, ол ауыр сырқаттардың дамуына жол бермей, ерте қайтыс болу қаупін төмендетуге бағытталған өмір сүру тәсілі», - деген тұжырымды алға тартады [15, 153-б.].

Дене мәдениеті жөнінде Х. Дэвид пен К. Браун: «Дене мәдениеті – бұл дене қозғалысы мен дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-мәдени үдеріс. Ол дене жаттығулары арқылы адамның дене, рухани және әлеуметтік әлеуетін қалыптастырып, жетілдіруге ықпал етеді», - деп нақты анықтама береді [16]. Н. Gevorgyan: «Кәсіби бағдар – бұл адамның өз болашағына деген кәсіби саналық көзқарасын қалыптастыруға бағытталған, оқу мен тұлғаның даму үдерісінің жалғасы ретінде қарастырылатын үдеріс», - деп, кәсіби бағдар адамның кәсіби өзін-өзі анықтауына бағытталған үдеріс екендігіне сипаттама береді [17, 45-б.].

Дене мәдениеті және спорт саласының болашақ мамандарының даярлығын жақсарту, жоғары оқу орындарының білікті мамандарды даярлау бағдарламаларын жетілдіру мақсатында спортқа деген жастардың қызығушылығын арттыру өте маңызды. Сондықтан мектеп түлектерінің осы салаға деген қызығушылығын түсіну, оның себептерін зерттеу және дене мәдениеті және спорт мамандығына бағытталған тиімді білім беру стратегияларын әзірлеу – заман талабы.

Зерттеу мақсаты – мектеп бітіруші түлектердің «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауға әсер ететін негізгі факторларды ғылыми тұрғыда анықтау және жастар арасында осы мамандыққа деген қызығушылықтың арту себептерін салауатты өмір салтын қалыптастыру контекстінде зерттеу. Зерттеу барысында жеке мотивациялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерді талдау арқылы болашақ мамандық таңдауға ықпал ететін маңызды факторлар кешені қарастырылады.

Салауатты өмір салтын насихаттаудың тиімді құралы ретінде дене мәдениеті мен спорт мамандарын кәсіби даярлау – қоғам денсаулығын нығайту мен жастардың дене белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Осыған орай, зерттеу міндеттері келесідей айқындалды:

- мектеп бітіруші түлектердің дене мәдениеті мен спортқа деген қызығушылық деңгейін бағалау;
- кәсіби бағдар беру жұмыстары негізінде «Дене мәдениеті және спорт» мамандығының еңбек нарығындағы маңыздылығын анықтау;
- мамандық таңдауға әсер ететін әлеуметтік, отбасылық және психологиялық факторлардың ықпалын зерттеу;
- мектеп қабырғасында қалыптасқан спорттық тәжірибенің түлектердің кәсіби таңдауына әсерін анықтау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу Түркістан қаласындағы жалпы білім беретін мектептердің бітіруші түлектері арасында жүргізілді. Мәліметтерді жинау үшін сауалнама, сұхбат және мазмұндық талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер салауатты өмір салты ұстанымдарын жастардың кәсіби бағдарымен байланыстыруға мүмкіндік берді.

Сауалнама Түркістан қаласындағы он мектептің бітіруші түлектері арасында жүргізіліп, жалпы саны 286 оқушыны қамтыды. Сауалнама сұрақтары оқушылардың спортқа қатысу белсенділігі, дене тәрбиесі пәніне көзқарасы, отбасылық қолдау, денсаулық жағдайы және болашақ кәсіби жоспарлары сияқты аспектілерді қамтыды. Бұл көрсеткіштер жастардың салауатты өмір салтына деген бейімділігін жан-жақты сипаттайды.

Сұхбат әдісі арқылы белгілі спортшылармен, жаттықтырушылармен және білім беру ұйымдарының өкілдерімен сұхбат жүргізілді. Бұл сұхбаттар арқылы жастардың «Дене мәдениеті және спорт» саласына қатысты кәсіби бағдар алуы мен мотивациялық факторлары жөнінде маңызды пікірлер мен ұсыныстар жинақталды.

Алынған мәліметтер мазмұндық және статистикалық талдау әдістерімен өңделіп, негізгі үдерістер мен факторлық өзара байланыстар айқындалды. Жастардың спортқа қатысуы мен салауатты өмір салтын ұстану деңгейі олардың кәсіби таңдауына қалай әсер ететіні сандық көрсеткіштер мен сапалық талдаулар негізінде бағаланды.

1-кесте – Түркістан қаласындағы жалпы білім беретін мектептердің бітіруші түлектеріне жүргізілген сауалнамаға қатысушылардың саны (n = 286)

№	Мектеп атауы	ер балалар (саны)	қыз балалар (саны)
1	Абай атындағы №31 мектеп	12	11
2	Некрасов атындағы №9 мектеп	16	10
3	Ә. Науаи атындағы №13 мектеп-гимназия	18	21
4	М. Шоқай атындағы №24 орта мектеп	13	12
5	Т. Бигелдинов атындағы №16 орта мектеп	15	12
6	Ө. Жәнібек атындағы №27 орта мектеп	11	13
7	М. Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназия	23	25
8	Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия	15	10
9	М. Мәметова атындағы №6 орта мектеп	10	14
10	С. Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицей	13	12

Ескерту: Сауалнама деректерін авторлар құрастырған.

Талдау мен нәтижелер

Зерттеу нәтижелерін талдау негізінде мектеп бітіруші түлектердің «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауда жетекші рөл атқаратын факторлардың әртүрлі және кешенді сипатта екендігі анықталды. Бұл факторлар оқушының жеке қызығушылықтарымен қатар, оның әлеуметтік ортасына, денсаулыққа қатысты көзқарасына және қоғамдағы салауатты өмір салтын ұстану деңгейіне тікелей байланысты.

Негізгі факторлар келесідей жіктелді:

1. Мектеп бітіруші түлектер арасында спортқа деген қызығушылық пен дене белсенділігіне оң көзқарас қалыптасқан. Спортпен жүйелі түрде айналысатын жастар көбіне өздерінің тәжірибесін кәсіби деңгейде жалғастыруға ұмтылады. Бұл олардың салауатты өмір салтын ұстануға деген ішкі мотивациясын көрсетеді. Дене белсенділігіне сүйіспеншілік – мамандық таңдауда шешуші рөл атқаратын факторлардың бірі ретінде танылды.

2. Ата-аналар мен жақын туыстардың салауатты өмір салтын ұстануы немесе спортпен шұғылдануы – жастарға үлгі болып, олардың спортқа деген ынтасын арттырады. Достарының немесе таныстарының кәсіби спортпен айналысуы да түлектердің таңдауларына оң әсер етеді.

3. Оқушылардың мектеп қабырғасында спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуы, алған марапаттары мен жетістіктері оларға сенімділік беріп, осы бағытта кәсіби жол таңдауға итермелейді. Бұл – жеке жетістіктер мен салауатты өмір салтына бейімделудің айқын көрінісі.

4. Жастар үшін кәсіби болашақтың тұрақтылығы маңызды. «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын бітіргеннен кейін жаттықтырушы, дене тәрбиесі мұғалімі, фитнес-нұсқаушы, спорт менеджері сынды түрлі салада жұмыс істеу мүмкіндігі бұл мамандықтың тартымдылығын арттырады. Бұл аспект – салауатты өмір салтын насихаттайтын және іске асыратын мамандарды даярлау тұрғысынан өзекті.

5. Көптеген түлектер бұл мамандықты таңдау арқылы жеке денсаулығын жақсартуды және белсенді өмір салтын қалыптастыруды мақсат етеді. Салауатты өмір салтына бейімділік

пен ұзақ мерзімді дене белсенділігін қамтамасыз етуге деген ұмтылыс – маңызды мотивациялық фактор.

6. Психологтар, мұғалімдер мен спорт жаттықтырушылары тарапынан берілетін кеңестер мен ұсыныстар оқушылардың болашақ мамандық туралы нақты көзқарасын қалыптастырады. Бұл – кәсіби бағдар берудің маңызды бөлігі және салауатты өмір салтын таңдау мәдениетін дамыту құралы.

7. Спорт саласына деген сұраныстың артуы, кәсіби жаттықтырушылар мен дене тәрбиесі мұғалімдеріне деген қажеттілік, спорт клубтары мен фитнес орталықтарының дамуы – осы салада жұмыс істеуге ұмтылған жастардың санын көбейтуде. Бұл экономикалық факторлар салауатты өмір салтына негізделген мамандықтың әлеуметтік және нарықтық маңызын айқындайды.

8. Мектептегі дене тәрбиесі сабағы мен спорттық іс-шаралар түлектердің кәсіби бағдарын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Жетекші мұғалімдер мен жаттықтырушылардың қолдауы, спорттық клубтарға қатысу арқылы қалыптасқан дағдылар бұл мамандыққа қызығушылықты арттырады.

9. Мемлекеттік бағдарламалар мен спорт инфрақұрылымының дамуы, бұқаралық спорттың кең таралуы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы спорттық мазмұн - жастардың спортқа оң көзқарасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл жағдай салауатты өмір салтының әлеуметтік маңызын арттырады.

10. Спорттық мамандықтардың кәсіби өсу перспективалары, еңбек нарығындағы тұрақтылық пен табыс көлемі – жастардың осы бағытқа бет бұруына ықпал ететін маңызды факторлар қатарында. Бұл тұрғыда дене мәдениеті мен спорт саласы экономикалық жағынан да тартымды сала ретінде көрінеді.

Жоғарыда аталған факторлар жасөспірімдердің кәсіби бағдарлану үдерісінде өзара тығыз байланыста әсер етеді. Әсіресе, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған құндылықтар - дене белсенділігі, спорттық тәрбие, денсаулықты сақтау және психологиялық тұрақтылық - «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауда шешуші рөлге ие.

Осы зерттеу нәтижелері негізінде білім беру мекемелерінде кәсіби бағдар берудің тиімділігін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттайтын бағдарламаларды кеңейту және мектептегі спорттық тәрбиені күшейту қажет екендігі анықталды. Бұл өз кезегінде болашақ мамандарды сапалы даярлауға және халық денсаулығын нығайтуға бағытталған ұлттық стратегияларды іске асыруға ықпал етеді.

Мектеп бітіруші түлектерге «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын саналы түрде таңдауға ықпал ету мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелі және тиімді ұйымдастыру ерекше маңызды. Бұл үдерісте әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану - түлектердің дене мәдениеті мен салауатты өмір салты саласына деген көзқарасын қалыптастыруға, олардың болашақ кәсіби бағытын дұрыс айқындауына ықпал етеді.

Салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсіндіру, спорттық саланың әлеуметтік, физикалық және кәсіби артықшылықтарын нақты мысалдармен көрсету – кәсіби бағдар берудің негізгі бағыты болып табылады. Осы орайда жүргізілген әдістемелік жұмыс түрлері төмендегідей құрылымға ие (2-кесте).

Бұл кәсіби бағдар беру әдіс-тәсілдері оқушыларға спорт және дене мәдениеті саласының ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кеңінен таныстыруға бағытталған. Теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, салауатты өмір салтының құндылықтарын насихаттау, кәсіби жетістіктерді көрсету - бұл тәсілдердің басты нәтижесі болып табылады.

Аталған әдістерді біртұтас жүйе ретінде қолдану арқылы оқушылардың болашақ мамандық таңдауға дайындығы артады. Сонымен қатар, бұл жұмыс оқушылардың дене белсенділігіне бейімділігін, салауатты өмір салтын ұстануға деген қызығушылығын арттырып, спорт мамандығының әлеуметтік маңызын терең ұғынуына ықпал етеді.

2-кесте – Мектеп бітіруші түлектерге кәсіби бағдар беруге арналған тиімді әдіс-тәсілдер

№	Әдіс-тәсілдер	Мазмұны және мақсаттылығы
1	Интерактивті кездесулер мен тренингтер	Спортшылар мен мамандардың қатысуымен ұйымдастырылатын тренингтер мен семинарлар оқушыларға спорттық мансаптың нақты қырларын көрсетеді. Пікір алмасу, сұрақ-жауап форматындағы интерактивті сессиялар оқушылардың қызығушылығын анықтап, мамандықты таңдауға көмектеседі.
2	Практикалық сабақтар мен демонстрациялар	Шеберлік сыныптары, йога, фитнес сабақтары секілді тәжірибелік жаттығулар оқушылардың дене белсенділігіне деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтының мәнін түсіндіреді. Спорттық жарыстар - өзін-өзі тануға мүмкіндік беретін тиімді құрал.
3	Мамандықпен таныстыру экскурсиялары	Спорт мектептері мен дене шынықтыру кешендеріне ұйымдастырылған экскурсиялар, кәсіби мамандармен кездесу - түлектердің спорт саласының жұмыс ерекшелігін тікелей көруіне жол ашады.
4	Жеке кәсіби кеңес беру	Кеңес беру сессиялары оқушылардың жеке мүдделері мен қабілеттеріне сай мамандық таңдауға бағыт береді. Спорттық сала мамандарының пікірлері - кәсіби бағдардағы сенімді ақпарат көзі.
5	Ақпараттық материалдар мен медиаресурстарды ұсыну	Мамандықтар туралы бейнемазмұндар, кітапшалар мен онлайн-порталдар арқылы берілетін ақпараттар оқушылардың спорттық бағыттағы кәсіптердің мәнін жан-жақты түсінуіне көмектеседі.
6	Мотивациялық жұмыс бағыттары	Белгілі спортшылардың жетістіктерін мысалға келтіре отырып, оқушыларға мотивация беру - салауатты өмір салтына ұмтылуға және спорт саласына қызығушылықты оятуға ықпал етеді.
7	Әлеуметтік желілер мен онлайн форматтағы іс-шаралар	Қазіргі заман талабына сай ақпараттарды әлеуметтік желілер арқылы тарату, онлайн семинарлар өткізу - спорттық мамандықтарға қызығушылықты арттырудың заманауи жолы.
8	Салауатты өмір салтына бағытталған іс-шаралар	Мектеп ішілік және аймақтық деңгейдегі спорттық фестивальдер, жарыстар мен белсенді өмір салтын насихаттайтын іс-шаралар оқушылардың салауатты өмір салтына деген көзқарасын қалыптастырады.
9	Мамандықтың әлеуметтік және еңбек нарығындағы перспективаларын түсіндіру	Спорт және дене мәдениеті саласындағы мамандықтардың еңбек нарығындағы сұранысы мен болашағы туралы нақты ақпарат беру - кәсіби бағдар жұмыстарының маңызды бөлігі. Бұл салада халықаралық мансап мүмкіндіктері мен әлеуметтік мәртебенің артуы да атап өтілуі тиіс.

Ескерту: Мектеп бітіруші түлектерге кәсіби бағдар беру үшін қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдердің мазмұнын авторлар құрастырған.

Зерттеу нәтижелері мектеп бітіруші түлектердің «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауы көбінесе жеке тұлғалық ұстанымдар мен әлеуметтік факторлардың ықпалында қалыптасатынын көрсетті. Бұл мамандықты таңдауға негізгі себептердің қатарында салауатты өмір салтына деген оң көзқарас, спортқа деген жеке қызығушылық, мектептегі спорттық белсенділік, сондай-ақ отбасылық және әлеуметтік қолдау маңызды рөл атқаратыны анықталды.

Сауалнама мен сұхбат нәтижелері бойынша түлектердің көпшілігі дене мәдениеті мен спорт саласын таңдау арқылы тек кәсіби бағыт қана емес, сонымен қатар белсенді, салауатты

өмір салтын ұстануға мүмкіндік алатындарын атап өтті. Бұл фактор жастардың дене дамуына, психологиялық тұрақтылыққа және қоғамдық өмірге белсенді араласуға деген ұмтылысымен тығыз байланысты.

Сұхбат барысында танымал спортшылардың, спорт мектептері жаттықтырушыларының және білім беру ұйымдары мамандарының пікірлері де сараланып, дене мәдениеті және спорт саласының әлеуметтік маңызын арттыру қажет екендігі айқындалды. Аталған салада еңбек ететін мамандардың тәжірибелері жастардың болашақ кәсіби таңдауына бағыт-бағдар береді және салауатты өмір салтын насихаттаудың тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылады.

Зерттеу барысында мектептегі спорттық тәжірибенің де болашақ мамандықты таңдауда шешуші фактор екені расталды. Спортпен жүйелі түрде айналысқан оқушылар бұл саланың артықшылықтарын жақсы түсініп, өз таңдауларын сенімді түрде негіздеді. Сонымен қатар, мектептерде ұйымдастырылатын спорттық-мәдени іс-шаралар мен салауатты өмір салтына бағытталған бағдарламалардың да оң әсері байқалды.

Түркістан қаласы бойынша жүргізілген сауалнамада төмендегі сұрақтар ұсынылды (3-кесте).

3-кесте – Түркістан қаласы бойынша мектеп бітіруші түлектерге жүргізілген сауалнама сұрақтары (n = 286)

№	Сұрақтар
1	«Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауға әсер ететін басты фактор қандай?
2	Спортқа қаншалықты қызығасыз?
3	Бұл мамандықты таңдауға кімнің кеңесі Сіз үшін маңызды болды?
4	Мамандық таңдауда жеке қасиеттеріңіз бен қабілеттеріңіз сәйкес келе ме?
5	Мектептегі спорттық тәжірибе Сіздің шешіміңізге әсер етті ме?
6	Бұл мамандықтың болашағына қатысты көзқарасыңыз қандай?

Ескерту: Сауалнама сұрақтарын авторлар құрастырған.

Сауалнама нәтижелерін талдау мектеп түлектерінің таңдауларына әсер ететін факторлардың кең ауқымын көрсетті. Атап айтқанда, спортқа деген ішкі мотивация, мектептегі спорттық жетістіктер, дене тәрбиесі пәнінің жүйелілігі мен мазмұны, ата-аналардың және достардың қолдауы маңызды себептердің қатарында тұр. Бұл факторлар салауатты өмір салтын насихаттайтын, жастардың дене қуаты дайындығы мен әлеуметтік әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін «Дене мәдениеті және спорт» саласына қызығушылықты күшейтеді.

Зерттеу барысында белгілі спортшылар мен тәжірибелі жаттықтырушылардың рөліне де ерекше мән берілді. Олардың жетістігі мен кәсіби жолы жастар үшін мотивациялық үлгі ретінде қызмет етеді. Бұл – жасөспірімдердің спорт саласын таңдауына әсер ететін әлеуметтік-мәдени тетіктердің бірі.

Талдау нәтижелері көрнекі түрде түрлі диаграммалар мен графиктер арқылы ұсынылды. Бұл визуалды құралдар мектеп түлектерінің таңдауларына ықпал ететін негізгі себептер мен олардың арасындағы өзара байланысты нақты көрсетуге мүмкіндік берді. Мысалы, диаграммалар арқылы спортқа деген қызығушылық деңгейі мен отбасының әсері арасындағы қатынас, сондай-ақ білім беру мекемелерінің кәсіби бағдар жұмыстарының тиімділігі айқындалды.

Жалпы алғанда, «Дене мәдениеті және спорт» мамандығына қызығушылық танытатын түлектер - салауатты өмір салтын құндылық ретінде қабылдайтын, белсенді, әрі қоғамдық өмірге бейім тұлғалар болып табылады. Осы бағыттағы мамандық таңдау - тек кәсіби даму


жолы ғана емес, сонымен қатар денсаулықты нығайтуға, өмір сүру сапасын жақсартуға және әлеуметтік белсенділікке жетелейтін маңызды шешім.

Зерттеу барысында алынған диаграммалар сауалнама нәтижелерін нақты әрі көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік беріп, мектеп бітіруші түлектердің «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауға әсер ететін факторларды жан-жақты бағалауға жағдай жасады. Бұл деректер салауатты өмір салтына бейімделудің болашақ кәсіби таңдаумен өзара тығыз байланыста екенін дәлелдейді. Сауалнама сұрақтары зерттеу мақсатына сәйкес құрылып, түлектердің жеке қызығушылықтары, әлеуметтік ықпал және өмірлік ұстанымдары негізінде талданды (1-6 диаграммалар авторлар тарапынан құрастырылған).



1-диаграмма – Мамандық таңдауға әсер ететін басты фактор


Алынған нәтижелер бойынша, респонденттердің 55%-ы спортты өмірінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, спорттық жетістіктерге жетуді мақсат ететінін және болашақта дене тәрбиесі мұғалімі болғысы келетінін көрсетті. Бұл көрсеткіш салауатты өмір салтына деген саналы көзқарастың кәсіби таңдауда шешуші мәнге ие екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, 25%-ы ата-аналары мен жақындарының ықпалын атап өткен. Бұл, әсіресе, спорт саласында жұмыс істейтін отбасыларда ерекше байқалды. Ал қалған 20%-ы спорт ұйымдарында жұмыс істеуге қызығушылық білдіріп, кәсіби мансапты осы бағытта дамытқысы келетінін көрсетті. Екінші сұрақ «Спортқа қаншалықты қызығасыз?», - деп қойылды (2-диаграмма).



2-диаграмма – Спортқа деген қызығушылық деңгейі


Сауалнамаға қатысушылардың 50%-ы дене мәдениеті және спорт саласына жоғары қызығушылық танытқан. Бұл көрсеткіш жастар арасында салауатты өмір салтын ұстануға деген ұмтылыстың күшейіп келе жатқанын білдіреді. 40%-ы орташа қызығушылық

танытқанын атап өтсе, тек 10%-ы спортпен айналысуға қызығушылығы жоқ екенін мәлімдеген. Бұл санаттағы түлектерге қосымша мотивациялық және ағартушылық жұмыстар қажет екені айқын. Үшінші сұрақ «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауға кімнің кеңесі Сіз үшін маңызды болды?», - деп қойылды (3-диаграмма).




3-диаграмма – Мамандық таңдаудағы кеңес берушілердің рөлі

Бұл сұрақ түлектерге кәсіби бағдар беруде кімнің пікірі маңызды болғанын анықтауға бағытталды. Нәтижесінде, 46% респондент өз таңдауы бойынша шешім қабылдағанын көрсетті. Бұл – жастардың ішкі мотивациясы мен мақсатқа бағытталғандығын білдіреді. 42% ата-анасының кеңесіне сүйенсе, 8% достары мен таныстарының пікіріне құлақ асқан. Ал, 4% мектеп мұғалімдерінің кеңесін маңызды деп санаған. Бұл нәтижелер кәсіби бағдар беру үдерісінде ата-ана мен мұғалімдердің ықпалын тиімді пайдалану қажеттілігін көрсетеді. Төртінші сұрақ «Мамандығыңызға адами қасиеттеріңіз бен қабілеттеріңіз сәйкес келе ме?», - деп қойылды (4-диаграмма).




4-диаграмма – Адами қасиеттер мен қабілеттердің мамандыққа сәйкестігі

Респонденттердің 65%-ы таңдаған мамандығына өздерінің жеке қасиеттері мен физикалық, психологиялық қабілеттері толықтай сәйкес келетінін атап өтті. Бұл – дене мәдениеті және спорт саласының тұлғалық дамуға негізделгенін, әрі салауатты өмір салтымен тығыз байланысты екенін айғақтайды. 30% кәсіби қабілеттерін жоғары оқу орны барысында қалыптастырамыз деп үміттенеді, ал 5% бұл салаға сай келмейтінін мойындады. Бұл топқа кәсіби бағдар беру барысында ерекше көңіл бөлу қажет. Бесінші сұрақ «Мектептегі спорттық тәжірибеңіз Сіздің мамандық таңдауыңызға әсер етті ме?», - деп қойылды (5-диаграмма).



5-диаграмма – Мектептегі спорттық тәжірибенің әсері

Зерттеу көрсеткендей, түлектердің 70%-ы мектептегі спорттық тәжірибенің олардың мамандық таңдауына елеулі әсер еткенін мойындаған. Бұл спорттың бала кезден қалыптасатын салауатты өмір салтын ұстануда және кәсіби бағыт таңдауда маңызды екенін дәлелдейді. 20%-ы бұл тәжірибенің орташа әсері болғанын айтса, 10% үшін спорттық тәжірибе шешуші рөл атқармаған. Бұл көрсеткіш мектеп деңгейіндегі дене тәрбиесі сабақтарының мазмұны мен сапасын жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Алтыншы сұрақ «Дене мәдениеті және спорт» мамандығының болашағы туралы пікіріңіз қандай?», - деп қойылды (6-диаграмма).



6-диаграмма – «Дене мәдениеті және спорт» мамандығының болашағы

Сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің 82%-ы бұл мамандықтың болашағына сенімді екендіктерін, оның еңбек нарығында сұранысқа ие болатынын алға тартқан. 17% орташа деңгейде баға берсе, тек 1% бұл саланың келешегіне күмәнмен қарайды. Бұл – салауатты өмір салтын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын мамандықтың әлеуеті жоғары екенін және оның қоғамдағы маңыздылығы арта түскенін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері бойынша «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдаудағы басты фактор - жеке қызығушылық пен мектептегі спорттық тәжірибе екендігі анықталды. Ата-аналар мен мұғалімдердің кеңестері, әлеуметтік орта мен кәсіби рөл модельдерінің (спортшылар, жаттықтырушылар) ықпалы да бұл таңдауда маңызды орын алады.

Бұл деректер жастардың дене белсенділігіне, дене дамуына және салауатты өмір салтын ұстануға деген қажеттілігінің артып келе жатқанын көрсетеді. Спорт - тек дене дайындығы емес, сонымен қатар өмірлік құндылықтарды бойға сіңіру, ерік-жігер мен

жауапкершілікті дамыту құралы екенін анықтап отырмыз. Осы бағытта жүйелі жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмыстары болашақта спорт және дене мәдениеті мамандарының сапасын арттырып, қоғамда салауатты өмір салтын нығайтуға үлес қоса алады.

Қазіргі таңда дене мәдениеті және спорт саласына байланысты мамандықтар елімізде жоғары сұранысқа ие болып отыр. Бұл тенденция азаматтардың денсаулығы мен салауатты өмір салтын ұстануға деген қызығушылығының артуымен тікелей байланысты. Әсіресе жастар арасында спортқа деген қызығушылықтың күшеюі аталған мамандыққа бет бұрудың негізгі факторы болып отыр. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру үдерісінде жеке тұлғаның ішкі қалауы шешуші рөл атқарғанымен, ата-аналар мен мұғалімдердің кеңесі де маңызды әлеуметтік ықпал ретінде байқалады.

Зерттеу аясында еліміздің Оңтүстік өңіріндегі жоғары оқу орындарында «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттер контингентіне талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аталған салаға деген қызығушылық жыл сайын тұрақты түрде артып келеді. Бұл үдеріс жастардың дене белсенділігін, салауатты өмір салты мен кәсіби спортқа деген ұмтылысын айқын көрсетеді. Төменде 2025 жылғы мәліметтер негізінде дайындалған студенттер санына қатысты деректер келтірілген (4-кесте).

4-кесте – Оңтүстік өңір ЖОО-ғы «Дене шынықтыру және спорт» БББ-да білім алатын студенттер контингенті туралы мәлімет (2025 жылғы мәлімет бойынша)

№	ЖОО атауы	БББ атауы	Жалпы студент саны			
			1-курс	2-курс	3-курс	4-курс
1	2	3	4	5	6	7
1	Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ	6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	177	227	550	317
2	М. Әуезов атындағы ОҚЗУ	6B01440-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	402	329	121	-
3	Мирас университеті	6B01404-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	355	286	293	358
4	Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	6B01440-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	330	540	510	400
5	Шымкент университеті	6B01401-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	162	320	490	314
6	М. Сапарбаев атындағы ОҚГИ	6B01404-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	606	619	743	765
7	Орталық Азия инновациялық университеті	6B01404-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	240	236	305	331
8	Болашақ университеті	6B01401-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	161	163	299	144
9	Қорқыт Ата университеті	6B01401-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	334	304	365	252

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
10	Қызылорда ашық университеті	6B01401-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	45	60	72	-
11	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	6B01401-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	230	200	530	482
12	Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық инновациялық университеті	6B01401-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	290	242	299	306
13	Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ	6B01401-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	123	74	220	105
14	Халықаралық туризм және меймандостық университеті	6B01401-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	-	-	-	118
15	Ж.Ташенов атындағы университет	6B01401-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	297	281	265	280
Барлығы			3752	3881	5062	4172

Ескерту: Деректерді авторлар құрастырған.

Кесте мәліметтері көрсеткендей, соңғы төрт оқу жылында «Дене шынықтыру және спорт» БББ бойынша білім алушылар саны жыл сайын артып отырған. Атап айтқанда, 2021–2022 оқу жылында – 3752 студент, 2022–2023 жылы – 3881, 2023–2024 жылы – 5062, ал 2024–2025 оқу жылында – 4172 студент білім алуда. Бұл – жастар арасында дене мәдениеті мен салауатты өмір салтына деген қызығушылықтың нақты көрсеткіші.

Сонымен қатар, Қазақстан бойынша 40-тан астам жоғары оқу орнында және 100-ге жуық колледжде «Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша мамандар даярланатынын ескерсек, бұл саладағы кадрлық қамтамасыз ету жүйесі тұрақты түрде дамып келе жатыр. Бұл үдеріс – қоғамдағы денсаулық мәдениетін көтерудің және дене белсенділігіне негізделген өмір салтын қалыптастырудың тікелей көрінісі.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Дене мәдениеті және спорт» мамандығына сұраныс – тек еңбек нарығындағы қажеттілік емес, сонымен қатар қоғамның өмір сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық бағыттардың бірі. Бұл мамандық өкілдері халықтың дене қуаты дайындығы мен психологиялық саулығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан, еліміздегі жастардың бұл мамандыққа бет бұруы - болашақта салауатты, белсенді ұрпақ қалыптастырудың негізі деп сеніммен айтуға болады.

Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысының басты мақсаты – мектеп бітіруші түлектердің «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдауға әсер ететін негізгі факторларды анықтап, аталмыш салаға деген қызығушылықтың арту себептерін ғылыми тұрғыда талдау болды. Зерттеу салауатты өмір салтын насихаттауда және кәсіби бағдар беруде дене мәдениетінің маңызын ашуға бағытталды.

Қойылған мақсатқа сәйкес, зерттеу барысында келесі міндеттер жүйелі түрде шешімін тапты:

1. Мектеп түлектерінің дене мәдениеті мен спортқа деген жоғары қызығушылығы мамандықты таңдаудың жетекші факторы ретінде танылды. Спорт - тек кәсіби бағыт емес, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі тірегі ретінде бағаланды.

2. Ата-аналар мен жақын ортаның, әсіресе спорт саласында қызмет ететін отбасылардың ықпалы түлектердің шешім қабылдау үдерісіне елеулі әсер ететіні анықталды.

3. Бұл мамандықтың кәсіби болашағына деген сенім, спорттық ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндіктері, тұрақты табыс пен әлеуметтік мәртебе де маңызды рөл атқарды.

4. Мектеп қабырғасындағы спорттық белсенділік пен қатысқан жарыстар түлектердің дене тәрбиесіне деген ішкі ынтасын қалыптастырып, мамандық таңдауға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде танылды.

5. Зерттеу нәтижелері кәсіби бағдар беру жұмыстарының мазмұны мен әдістемесін қайта қарастыру қажеттігін көрсетті. Әсіресе, салауатты өмір салты мен дене мәдениетінің өмірлік маңызына ерекше екіпін түсірілуі керек.

Жалпы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Дене мәдениеті және спорт» мамандығын таңдау көбіне жастардың ішкі қызығушылығы мен дене белсенділігі өмір салтына деген оң көзқарасынан туындайды. Бұл факторлар жастардың дене қуатын жетілдіруге деген ұмтылысын арттырып, салауатты қоғам құруға үлес қосатын мамандарды дайындауға бағытталады.

Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері мектеп жасындағы балалардың кәсіби бағдарлануына бағытталған нақты ұсыныстарды айқындауға мүмкіндік берді. Бұл ұсыныстар салауатты өмір салтына негізделген білім беру ортасын қалыптастыру және болашақ спорт мамандарын даярлау жүйесін жетілдіруге бағытталған:

Мектептегі кәсіби бағдар беру жүйесін жетілдіруге арналған ұсыныстар:

1. Дене тәрбиесі пәнін дене жаттығулары шеңберінен шығарып, спорт тарихы, дене тәрбиесі теориясы және әдістемесімен толықтыру. Бұл оқушылардың пәнге деген терең қызығушылығын арттырады.

2. Дене тәрбиесі мұғалімдері оқушыларға кәсіби бағдар беруші ретінде белсенді қатысып, спорт мамандығының мүмкіндіктері туралы ақпарат беруі қажет.

3. Мектепте спорт клубтары мен секцияларын ашу, жарыстар ұйымдастыру арқылы оқушылардың спортқа бейімділігін арттыру.

4. Оқушылар арасында ЖОО-лар мен колледждердің спорт мамандықтары туралы ақпарат беретін танымдық кездесулер, тренингтер өткізу.

5. Оқушылардың жеке қабілеті мен қызығушылығына сай дене тәрбиесі бағдарламаларын ұсыну.

6. Белгілі спортшылармен немесе жаттықтырушылармен кездесулер ұйымдастырып, оқушыларға мотивация беру.

7. Спорт мектептерімен немесе жаттықтыру орталықтарымен бірлесіп тағылымдамалар ұйымдастыру арқылы оқушыларға ерте кәсіби тәжірибе ұсыну.

Жоғарыда келтірілген ұсыныстар мен зерттеу нәтижелері негізінде «Дене мәдениеті және спорт» мамандығы жастардың дене дамуы мен салауатты өмір салтына бейімділігін арттыруда ерекше рөл атқаратыны анықталды. Бұл мамандықтың еңбек нарығындағы орны мен әлеуметтік маңыздылығы артып келе жатқанын ескере отырып, білім беру саясаты мен кәсіби бағдар беру жүйесін осы бағытта жаңғырту өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу қорытындылары еліміздің салауатты болашағын қалыптастыруда дене мәдениеті және спорт саласына стратегиялық мән берудің маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Бұл бағытта кәсіби мамандарды даярлау – ұлттық денсаулық пен белсенді өмір салты идеологиясының негізі болмақ.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (жеке тіркеу номері: AP19676522) гранттық жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тасымова Ә.М. Спорттағы кәсіби құзыреттілік және мамандық таңдау // Жаңа білім беру технологиялары. – 2021. – №3 (86). – Б. 52–57.
2. Әбдіғали Н. Спорттық білім беру жүйесіндегі мәселелер мен даму перспективалары // Жоғары білім мен ғылым. – 2019. – №15 (2). – Б. 68–72.
3. Аққозева Г.Ә. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2018. – 265 б.
4. Мамырова М.Т. Дене мәдениеті педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 305 б.
5. Шалқарова Г.Т., Еркінбекова, Ш.Қ. Білім беру жүйесінде дене мәдениетінің рөлі // Қазақстандағы педагогикалық зерттеулер. – 2020. – №4 (103). – Б. 162–165.
6. Дәулетова А.С. Дене мәдениеті және спорт мамандығына қабылдау үдерісін жетілдіру // «Білім және ғылым: заманауи көзқарас». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2016. – Б. 256–260.
7. Захарова И.А. Дене мәдениетінің негіздері және студенттердің физикалық дамуындағы мәні // Жоғары білім беру журналы. – 2019. – №4 (56). – Б. 141–145.
8. Рахматуллина Н.К., Мұхтарова А.Т. Спорт және дене мәдениеті саласындағы жаңа әдіс-тәсілдер. – Астана: Педагогикалық баспа, 2017. – 160 б.
9. Құдайбергенова А.К. Дене мәдениеті мен спортқа деген қызығушылықты дамыту жолдары // Жастар және ғылым. – 2016. – №3 (75). – Б. 166–170.
10. Сарсенбаева М.Қ. Мектеп оқушыларының дене мәдениеті мен спорттық қызығушылығы: оқу құралы. – Алматы: Республикалық баспа, 2019. – 255 б.
11. Абдуллаева С. Дене мәдениеті және спорт: жастардың мамандық таңдауын зерттеу // Қазақ педагогикалық ғылымдары. – 2018. – №8 (4). – Б. 98–102.
12. Құрманова А. Қазақстандағы жастардың спортқа қатысу деңгейі және оны көтеру жолдары // Қазақстанның әлеуметтік және мәдени мәселелері. – 2020. – №12 (3). – Б. 45–50.
13. Қуатбеков Ш.Н. Мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауындағы қиындықтар: мәселелері және оны шешу тетіктері // «Жоғары оқу орындары мен колледж, мектептерде дене тәрбиесі құралдары арқылы жастардың рухани интеллектуалдық деңгейін қалыптастыру жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Қызылорда, 2022. – Б. 402–405.
14. Yermakhanov B., Baimukhanbetov B. WHO yaşam kalitesi ölçeği kısa formunun (WHOQOL-BREF) üniversite öğrencilerine kazakça geçerlik ve güvenilirlik çalışması // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №2 (124). – Б. 256–265. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.21>
15. Petrash M.D., Murtazina I.R. The definition of “healthy lifestyle” in psychological research // Vestnik of Saint Petersburg University. Psychology. – 2018. – №8 (2). – S. 152–165.
16. Brown K., David H. Physical culture // Societies. – 2019. – №9(1). <https://doi.org/10.3390/soc9010023>
17. Gevorgyan H. Professional orientation as a lifelong process: Methodological aspects // Main Issues of Pedagogy and Psychology. – 2021. – №2(3). – P. 45–55. <https://doi.org/10.24234/miopap.v2i3.138>

REFERENCES

1. Tasymova A.M. Sporttagy kasibi quzyrettilik zhane mamandyq tandau [Professional competence in sports and choice of profession] // Zhana bilim беру tehnologialary. – 2021. – №3 (86). – B. 52–57. [in Kazakh]
2. Abdigali N. Sporttyq bilim беру zhuiesindegi maseleler men damu perspektivalary [Problems and development prospects in the sports education system] // Zhogary bilim men gylym. – 2019. – №15 (2). – B. 68–72. [in Kazakh]

3. Aqkozova G.A. Dene madenieti zhane sport teoriasy men adistemesi: oqu quraly [Theory and methodology of Physical Culture and sports: a manual]. – Almaty: Gylym, 2018. – 265 b. [in Kazakh]
4. Mamyrova M.T. Dene madenieti pedagogikasy: oqu quraly [Pedagogy of Physical Culture: a manual]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 305 b. [in Kazakh]
5. Shalqarova G.T., Erkinbekova, Sh.Q. Bilim beru zhuiesinde dene madenietinin roli [The role of Physical Culture in the education system] // Qazaqstandagy pedagogikalyq zertteuler. – 2020. – №4 (103). – B. 162–165. [in Kazakh]
6. Dauletova A.S. Dene madenieti zhane sport mamandygyna qabyldau uderisin zhetildiru [Improving the process of admission to the specialty of Physical Culture and sports] // «Bilim zhane gylym: zamaуau kozqaras». Halyqaralyq gylymi konferencia materialdary. – Almaty, 2016. – B. 256–260. [in Kazakh]
7. Zaharova I.A. Dene madenietinin negizderi zhane studentterdin fizikalyq damuyndagy mani [Fundamentals of Physical Culture and its meaning in the physical development of students] // Zhogary bilim beru zhurnaly. – 2019. – №4 (56). – B. 141–145. [in Kazakh]
8. Rahmatullina N.K., Muhtarova A.T. Sport zhane dene madenieti salasyndagy zhana adis-tasilder [New methods and techniques in the field of sports and Physical Culture]. – Astana: Pedagogikalyq baspa, 2017. – 160 b. [in Kazakh]
9. Qudaibergenova A.K. Dene madenieti men sportqa degen qyzygushylyqty damytu zholdary [Ways to develop physical culture and interest in sports] // Zhastar zhane gylym. – 2016. – №3 (75). – B. 166–170. [in Kazakh]
10. Sarsenbaeva M.Q. Mektep oqushylarynyn dene madenieti men sporttyq qyzygushylygy: oqu quraly [Physical Culture and sports interests of schoolchildren: a manual]. – Almaty: Respublikalyq baspa, 2019. – 255 b. [in Kazakh]
11. Abdullaeva S. Dene madenieti zhane sport: zhastardyn mamandyq tandauyn zertteu [Physical Culture and sports: studying the choice of profession by young people] // Qazaq pedagogikalyq gylymdary. – 2018. – №8 (4). – B. 98–102. [in Kazakh]
12. Qurmanova A. Qazaqstandagy zhastardyn sportqa qatysu dengeii zhane ony koteru zholdary [The level of participation of young people in sports in Kazakhstan and ways to increase it] // Qazaqstannyn aleumettik zhane madeni maseleleri. – 2020. – №12 (3). – B. 45–50. [in Kazakh]
13. Quatbekov Sh.N. Mektep bitirushi tulekterge mamandyq tandauyndagy qyindyqtar: maseleleri zhane ony sheshu tetikteri [Difficulties in choosing a profession for graduates: problems and mechanisms for solving it] // «Zhogary oqu oryndary men kolledzh, mektepterde dene tarbiesi quraldary arqyly zhastardyn ruhani intellektualdyq dengeiin qalyptastyru zholdary» atty respublikalyq gylymi-tazhiribelik konferenciasynyn enbekter zhinagy. – Qyzylorda, 2022. – B. 402–405. [in Kazakh]
14. Yermakhanov B., Baimukhanbetov B. WHO yasham kalitesi olcheği kisa formunun (WHOQOL-BREF) universite ogrencilerine kazakcha gecherlik ve guvenirlik calishması [A validity and reliability study of the WHO quality of life scale short form (WHOQOL-BREF) in Kazakh for university students] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №2 (124). – B. 256–265. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.21> [in Turkish]
15. Petrash M.D., Murtazina I.R. The definition of “healthy lifestyle” in psychological research // Vestnik of Saint Petersburg University. Psychology. – 2018. – №8 (2). – S. 152–165.
16. Brown K., David H. Physical culture // Societies. – 2019. – №9(1). <https://doi.org/10.3390/soc9010023>
17. Gevorgyan H. Professional orientation as a lifelong process: Methodological aspects // Main Issues of Pedagogy and Psychology. – 2021. – №2(3). – P. 45–55. <https://doi.org/10.24234/miopap.v2i3.138>